



Мемлекет және құқық теориясы / Theory of State and law/ Теория государства и права

ХҒТАР 10.31.35

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-11-23>

Құқықтық менталитет және нормашығармашылық

Д.А. Бакиров^{*1}, А.Д. Жусупов²

¹*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

²«Esil University», Астана, Қазақстан

(e-mail: dbakirov@mail.ru, Zh60@inbox.ru)

Аңдатпа: Құқықтық жүйе үшін барлық элементтердің тиімді қызмет етуі өте маңызды. Құқықтық жүйе – бұл белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жүйенің ең күрделі нысаны және жұмыс істеу процесінде өзін-өзі құрылымды өзгертуге қабілетті жүйе болып табылады. Қоғамның және тұлғалардың құқықтық менталитетінің ерекшеліктерін зерделей отырып, нормашығармашылықты зерттеудің қажеттілігі қазақстандық қоғамда құқықтық сана және құқықтық мәдениет деңгейін жаңа деңгейге көтеруге өз септігін тигізеді. Бұл ұлттық құқықтық ғылымның маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қоғамдық ақпаратқа қолжетімділік және азаматтардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу «ақпараттық қоғамның» құқықтық жүйесін жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Ақпаратқа қол жетімділік азаматтарға билік органдарының қызметіне бақылау жасауға мүмкіндік береді, сол арқылы, құқықтық озбырлыққа жол берілмейді. Осы тұрғыда азаматтардың электрондық нормашығармашылық қызметке белсенді қатысу ұстанымын қалыптастыру маңызды. Мақалада қазақстандық қоғамда азаматтардың нормашығармашылық қызметке қатысу, құқықтық менталитетті қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Зерттеу нәтижесі ұлттық құқықтық жүйесінің қазіргі жағдайын талдау, құқықтық мәдениет, құқықтық сана және құқықтық менталитеттің бүгінгі тұрғыдан дамыту, терең түсіну бағыттары мен шараларын әзірлеу болып табылады.

Түйін сөздер: нормашығармашылық, электрондық нормашығармашылық, құқықтық менталитет, құқықтық сана, құқықтық мәдениет

Түсті: 19.02.2024 Мақұлданды: 28.05.2025 Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Азаматтық белсенділік мемлекеттің құқықтық болуының қажетті шарты болып табылады, бұл жеке тұлға мен қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейіне тығыз байланысты.

Азаматтардың нормашығармашылыққа қызығушылығы мен белсенді қатысуын арттыру, олардың құқықтық мәдениеті деңгейін көтеру арқылы құқықтық менталитетін қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Азаматтар көбіне «тұтынушылық» сананың әсерінен «ресурстарды алушылар» болып табылады. Бұл олардың нормашығармашылық процестегі төмен белсенділігінен де көрініс табады. Азаматтардың көп бөлігі құқықшығармашылық қызметіне қызықпайды, қабылданып жатқан заңдардың олардың өміріне қалай әсер ететіндігі көп жағдайда алаңдатпайды. Қалыптасқан жағдайды өзгертудің бір жолы құқықтық мемлекетті дамытудың базалық құндылықтарымен біріктірілген белсенді азаматтар тобын қалыптастыру болып табылады.

Еліміздің Конституциясы Қазақстанның ең басты қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін жария етті [1]. Оны қамтамасыз ету тұлғаның мемлекетті басқаруға араласу мүмкіндігіне жағдай жасау және қоғам өмірінде болып жатқан процестерге әсер ету мүмкіндігін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтардың құқықты қабылдау процесіне қызығушылығын арттыру олардың құқықтық менталитетіне тығыз байланысты. Сол себептен, нормашығармашылық процесінде азаматтардың белсенділігін арттыру олардың құқықтық санасы, мәдениеті және де тереңдеп келгенде құқықтық менталитетіне әсер етуімен сабақтасуы керек. Бүгінгі таңда, заң ғылымдарында нормашығармашылық қызметке қоғамның кең бөлігін тартудың құқықтық менталитетті қалыптастыруға әсері қандай, керісінше, құқықтық менталитетті нығайту азаматтардың құқықшығармашылыққа қызығушылығын арттыра ма деген мәселелер тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Осы күнге дейін «құқықтық сана», «құқықтық мәдениет» және «құқықтық менталитет» ұғымдары отандық заң әдебиеттерінде М.Т. Баймаханов [2], А.С. Ибраева [3], С.С.Сартаев [3], Ғ.С. Сапарғалиев [4], С.З.Зиманов [5], Г.К. Пралиева [6], Г.Р.Абсаттаров [7], Г.Г.Акмамбетов [8] секілді ғалымдардың зерттеулерінің объектісі болды, соның нәтижесінде құқықтық сана және құқықтық мәдениеттің өзіндік теориясы қалыптасты. Бүгінгі таңда, біздің ойымызша, құқықтық менталитет феномені әлі де болса, теориялық және құқықтық тұрғыдан жеткілікті түрде зерттелмеген, оның әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде рухани-мәдени сипаты, құқықтық мәдениет және құқықтық санамен өзара әсерлесуі мен ара қатынасы мәселелері толық ашылмаған. Осы ұғымның қазақстандық ерекшеліктерін ескере отырып, құқықтық тұжырымдамасын қалыптастыру күн тәртібіндегі мәселелердің бірі.

Қазіргі уақытта, отандық ғылымда құқықтық менталитет еліміздің құқықтық жүйесінің өзіндік болмысын қалыптастырады деген пікірлер жиі айтылады. Саясаттанушы Г.Р.Абсаттаров қазақстандықтардың құқықтық менталитетін сипаттайтын келесі маңызды белгілерін қарастырады: ол Қазақстанның құқықтық мәдениетінің маңызды негізі болып табылатын құқықтық шынайылықты қабылдаудың, бағалаудың, ойлаудың тиісті образын білдіреді, Қазақстанның құқықтық шынайылығының және құқықтық санасының базалық параметрін, оның ішінде, құқықтың рухани-

психологиялық негізін анықтайды; құқықтық шынайылылықты көрсетудің мәдени парадигмасы болып табылады; Қазақстанның нақты құқықтық мәдениетінің функционалды және мазмұнды түрдегі мәдени, саяси ерекшелігін анықтайды, оны танудың құралы болып табылады; Қазақстанның құқықтық мәдениетінің этноқұқықтық инвариантын білдіреді; қазақстандық қоғамның құқықтық, адамгершіліктік-саяси дәстүрлерінің сақтаушысы; рухани-интеллектуалды константаларды білдіре отырып, құқықтық жүйенің әртүрлі элементтерінің тұрақтылыққа қабілеттілігін, оның дамуының әртүрлі кезеңіндегі тұрақтылықты көрсетеді; қазақстандық тұлғаның біздің қоғамымыздың құқықтық, қоғамдық-саяси өміріне енуін қамтамасыз етеді [9].

Құқықтық менталитетпен тығыз байланысты құқықтық сана замануи қоғамның күрделі рухани құбылысы болып табылады, және ол тек қарапайым құқықтық білімдерді және категорияларды игеруден тұрмайды. Ол өзінің мазмұны бойынша анағұрлым күрделі және көпқырлы, саяси-құқықтық, мәдени-тарихи, моральдық-адамгершілік және ұлттық-этникалық аспектілерді қамтиды.

Академик М.Т.Баймахановтың келесі пікіріне тоқтала кеткен жөн: «Құқықпен тығыз байланысты бола отырып, онымен ортақ тарихи тағдырды бөлісе отырып, және ортақ мақсаттар мен міндеттері бола отырып, құқықтық сана құқықтық нормаларды және институттарды бағалайды, олардың кемшіліктерін анықтайды, оларды жою жөніндегі шараларды белгілейді. Болжау тәртібінде құқықтың тек жақын уақыттағы ғана емес, алыстағы перспективасын көруге, толық немесе ішінара оның ертеңгі моделін құрастыруға мүмкіндік береді. Құқықтық сана құқықтың тірі рөлін көрсетеді, оның қажеттілігі мен пайдалылығын негіздейді, максималды көрініс алуына және жүзеге асырылуына жағдай жасайды» [2].

С. Сартаев, А.Ибраева және тағы басқа ғалымдардың пікірлеріне сәйкес, құқықтық сана құқыққа қатысты көзқарастар, идеялар, сезімдердің, көңіл күйлердің жиынтығын білдіреді [3]. Ол өзіне құқықтүсінушілікті, мемлекет және қоғам өмірінде құқықтың, құқықтық мекемелердің рөліне қатысты көзқарастарды, адам құқықтары, оның басқа адамдар, мемлекет және қоғам алдындағы жауапкершілігі туралы идеяларды біріктіреді. Құқықтық мәдениет – қоғамның құқықтық өмірінің сапалы жағдайы, ол құқықтық актілердің, құқықтық және құқыққолданушылық қызметтің, құқықтық сананың және тұлғаның құқықтық дамуының жетілген деңгейінде, мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігінде көрініс табады [3].

Құқықтық мәдениетке қатысты ғалымдар Ғ.Сапарғалиев және А.Ибраева өз еңбектерінде келесіні атап көрсетеді: «Тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу және ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Бұл құқықтық ұйғарымдарды нақты түсініп орындаудан көрініс алады» [4].

Ресей, Украина, Белорусь заң ғылымдарында құқықтық менталитет феномені біршама зерттелген. Бұрыңғы кеңес мемлекеттері кеңістігі азаматтарының жалпы менталитеті мен психологиясының ұқсастығын ескерсек, аталған елдердегі зерттеулердің қазақстандық құқықтық менталитетті зерделеуде сөзсіз көмегі тиеді.

«Менталитет» термині ғылыми айналымға толығымен енді және барлық қоғамдық ғылымдарда қолданылады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «менталитет – француз тілінен аударған кезде «mentalite» атауын білдіретін жеке немесе қоғамдық топқа тән ойлардың образы, ойлау қабілеттілігі және рухани жан дүниеге деген көзқарастың жиынтығы» деп анықтама беріледі [10]. Азаматтардың, өмір сүру сипаты, қоғамға және

өзгелерге қарым-қатынасы олардың ойларына, рухани және өзге құндылықтарына, яғни менталитетіне тікелей байланысты. Сол себептен, азаматтардың құқықты қабылдау ұстанымын, басқаша айтқанда, құқықтық менталитетін қалыптастыру, жалпы құқықтық мемлекет құру процесінде маңызды рөл ойнайды.

Құқықтық менталитет әлеуметтік топтардың, сыныптардың, ұлттың, тұлғаның мемлекет және құқықтың қызмет етуіне, қоғам өміріндегі құқықтық және саяси шынайылыққа қатысты тұрақты дүниетанымын көрсетеді. Басқаша айтқанда, ол белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық-этникалық қоғамдылыққа неғұрлым тән тұрақты ерекше тарихи қалыптасқан мемлекеттік құқықтық шынайылықтың объектілерін бағалау және оларға әсер етудің дүниетанымдық көзқарастарының жүйесі. Құқықтық менталитет қоғамның рухани өмірінің өзге де құқықтық құбылыстарының ішінде өмір сүріп жатқан құқықтық шынайылықтың терең көрінісі, төменгі сатысы болып табылады.

Бұл феноменді азаматтардың құқықшығармашылық қызметке қызығушылығы мен белсенділігі деңгейін, оған қаншалықты әсер ететіндігін анықтау тұрғысынан да зерттеудің сөзсіз теориялық және тәжірибелік маңызы зор. Өйткені қазіргі таңда жаңа цифрлық технологиялардың ауқымды қолданылуы құқықшығармашылық қызметтің маңызды бөлігі электрондық нормашығармашылықтың ауқымын кең пайдалануға мүмкіндіктер береді.

Зерттеу әдістемесі

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде диалектикалық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық әдістер қолданылды. Мақаладағы зерттеудің теориялық маңыздылығы нормашығармашылық процеске азаматтардың құқықтық менталитетінің әсерін анықтау мәселелерін зерттеу болып табылады. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық менталитетін жетілдіру арқылы нормашығармашылық процестің тиімділігін арттырумен, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді талдаумен айқындалады.

Нәтижелер/талқылаулар

Ресейлік ғалым А.С.Алексеев «құқықшығармашылықты құқық құру процесін аяқтайтын мемлекеттік қызмет ретінде» қарастырды [11]. Оның нәтижесінде белгілі бір ережелер заң арқылы құқықтық нормаларға айналады. В.М.Корельский құқықшығармашылық ретінде «құзыретті мемлекеттік органдардың жаңаларды қабылдау немесе қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді қайта қарау қызметі» ретінде қарастырды [12].

Белорусь зерттеушісі Т.О.Дидыч құқықшығармашылыққа қатысты мынадай тұжырымдама ұсынды: «Қазіргі уақытта құқықшығармашылықты түсіну көп аспектілі, оны уәкілетті органдар арқылы мемлекетпен; қоғаммен; халықаралық қауымдастықпен; жергілікті өзін өзі басқару органдарымен; қоғамдық бірлестіктермен жүзеге асырылатын қызмет ретінде қарастыруға болады. Осы аталған құқықшығармашылықты түсінудің көп аспектілігі мемлекет қызметінің демократиялық сипатын, азаматтық қоғам дамуының жоғарғы деңгейін сипаттайды» [13].

Қазіргі уақытта азаматтардың қоғамдық істерді басқаруға араласу үдерісі жиілей түсуде. Олардың ішінде азаматтардың әзірленіп жатқан заң және өзге нормативтік актілер жобаларына қоғамдық пікір білдіруі ерекше назар аудартады. Азаматтардың нормашығармашылық процестеріне қатысуы қоғамдық ғылымдарда делибералды (кенесші) демократияның құралы ретінде қарастырылады, оның теориялық негіздерін Юрген Хабермас (Jurgen Habermas), Роберт Даль (Robert Dahl), Дэвид Труман (David Truman) және тағы басқа бірқатар авторлар тұжырымдады. Осы орайда, азаматтардың құқықтық менталитетін нығайтуда олардың құқықшығармашылық процеске, оның ішінде, электрондық нормашығармашылыққа қолжетімділігі мен белсенділігін арттыру маңызды болып табылады.

Соңғы он жылдағы әлеуметтік технологиялық инновациялар азаматтардың мемлекетпен тікелей қарым-қатынас технологияларына жаңа мазмұн беруге ықпалын тигізді. Ол «азаматтардың электрондық нормашығармашылығы» (ағылшынша – e-Rulemaking) деген атауға ие болды[14]. Мұндай бастаулар Дания, Франция, Норвегия және тағы басқа елдерде де пайда болды. Қоғамдық қатысудың кеңеюі заң жобаларының сапасын арттырып қоймай, қоғамда саяси мәдениеттің деңгейін көтеруге ықпалын жасайды.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, қоғамдық пікір тәжірибелері әкімшілік құқықтық дамуына зор әсерін тигізді, мысалы, АҚШ-та қоғамдық нормашығармашылық процедуралары заңнамамен бекітілген. Ресей зерттеушісі О.В. Мозолинаның айтуынша интернет желісі құқық нормаларын қабылдау техникасын өзгертуде. Құқық нормаларын мемлекет қана жасап қоймайды, олар пайдаланушылар қауымдастығымен тікелей әзірленіп, немесе бірыңғай қолдану тәжірибесінің нәтижесінде пайда болып, мемлекетпен санкцияланады [15].

Заң шығарушылық процесті құқықтық реттеу әр елде әртүрлі жүзеге асырылады. Жапонияда 1898 жылдан «Заңдар туралы жалпы Ережелер», Германияда «Нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы құқыққа сәйкес келуі туралы» 1949 жылғы 21 қазандағы Федералдық үкіметтің шешімі, Болгарияда – «Нормативтік актілер туралы» 1973 жылы 29 наурыздағы Заң, Венгрияда 1987 жылдан бастап қолданылатын «Құқықшығармашылық туралы» Заң әрекет етеді. Мұндай заңдар Ватиканда, Швецияда, Австрия және өзге елдерде де қабылданған.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, нормативтік құқықтық актілер жобалары «ашық НҚА» порталында орналастырылады [16]. Оған сәйкес кез келген азаматтар мен ұйымдар нормативтік құқықтық актілер жобалары бойынша өз ұсыныстары мен ескертулерін ұсына алады. Заң жобалары бойынша айтылған ескертулерді есепке алу кейбір елдерде (мысалы Польша, Швейцария, Германия) актіні дайындаудың негізгі элементі болып табылады [17].

Германияда электрондық ақпараттандыру заңшығарушылық бастамадан заңды ресми жариялау сатыларына дейін көрініс табады. Заңшығарушылық бастама кезеңінде федералдық жерлер деңгейінде интернетті пайдалана отырып, қол жинауды ұйымдастыру мүмкіншілігі көзделген. Бастамашылық топ арнайы сайтта бастама туралы, оның пәні, қол жинау орны туралы, мерзімі туралы хабарлайды. Қызығушылық танытқан азаматтар арнайы форумдарда оның негізгі ережелерін талқылай алады, өзінің ұсыныстарын енгізе алады. Электрондық заңнаманы енгізе отырып, Германия заңнамалық процестің тиімділігі цифрлық қолдауға байланысты екенін мойындады [17].

Австрияда заңшығарушылық процесті ақпараттандыру азаматтарға мемлекет істерін басқаруға қатысуға мүмкіндік берді, ол ресми интернет порталдарға кіруге мүмкіндік беретін арнайы электрондық карточкалар арқылы жүзеге асырылады. Ол электрондық халықтық заңшығарушылық бастама, дауыс беру және т.б. мүмкіндіктерді пайдалануға жағдай туғызды. Азаматтарға заңшығарушы органмен on-line режимінде көмегімен кез келген уақытта сайтқа кіруге және заң жобасы бойынша жұмыстың барысы туралы танысуға, ескертулер мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік беретін идентификациялық электрондық карточкалардың көмегімен қарым қатынас жасау құқығы берілген [17].

АҚШ-та Regulations.gov веб-сайты электрондық нормашығармашылық деп айтуға болады, ол бұқаралық пайдаланушыларға федералды нормативтік контентке қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Порталда нормативтік актілердің және олардың жобаларының электрондық нұсқасы орналастырылған. Веб-сайт азаматтарға электрондық түрде пікірлер қалдыруға мүмкіндік береді [17].

Австралияда заң жобасының мәтіні бірінші оқылымнан кейін азаматтардың оны зерделеуімен өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруіне мүмкіндік жасау мақсатында ресми сайтта орналастырылуы тиіс [17].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, әлем елдерінде нормашығармашылық қызметке интернеттің көмегімен азаматтарды тарту мәселелері біршама деңгейде реттелген, заң жобалары бойынша азаматтарға өз пікірлерін білдіру құқықтары берілген. Бұл өз кезегінде, жоғары азаматтық құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және заң шығарушы органдардың қабылданып жатқан заңдарға жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Нормашығармашылық процестің жариялығы мен ашықтығы сөзсіз адам құқықтары мен бостандықтарының жоғары деңгейде сақталуы мен қорғалуына жағдай жасайды.

Интернет мүмкіндіктерін пайдалану арқылы азаматтар заң жобаларына түзетулерді ұсынып қана қоймай, бұрын ұсынылған түзетулермен танысуға және оларға қатысты өз пікірлерін ұсынуға мүмкіндіктері пайда болды. Оның нәтижесінде индивидтің қоғамдық нормашығармашылыққа қатысуы рефлексивті саяси тәжірибесіне айналады. Осылайша, тек саяси мәдениет қалыптасып қоймай, сонымен бірге, құқықтық ағартушылық қызметі де жүзеге асырылады. Осыған орай, мемлекет азаматтардың нормативтік актілерді жасауға қатысудың жаңа нысандарын ұсыну арқылы демократияның кеңеюін ынталандыруы тиіс.

Шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, нормативтік құқықтық актілерді қағаз жүзінде әзірлеуден бас тартып, олардың жобасын әзірлеуді, қабылдауды электронды форматқа көшіру, біздің ойымызша, замануи дамыған құқықтық мемлекет құру жолында маңызды шара болып табылады. Бұл тұтастай алғанда құқықтық жүйеде фундаменталды өзгерістерді талап етеді. Осы міндеттердің шешілуі нормашығармашылық қызметтегі адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуді жаңа деңгейге көтереді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 Жарлығымен бекітілген Ақпараттық доктринасы да азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігі саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [18]. Осы доктринаға сәйкес мобильді интернеттің дамуының арқасында әлеуметтік желілер ел халқының кем дегенде жартысы, негізінен жастар үшін негізгі ақпарат көзіне айналды (2021 жылғы әлеуметтанушылық зерттеулер

респонденттердің 45,2%-ы әлеуметтік медиадан ақпарат алуды таңдайтынын көрсетті). Доктринада мемлекеттік ақпараттық саясат қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің, құқықтары мен бостандықтарының теңгерімін, олардың өзара жауаптылығын сақтауға бағытталғандығы нақты көрсетілген. Осы доктринада көрсетілген әділеттілік, заңның үстемдігі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті, құқықтық мәдениетті жетілдіру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңының 17-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібергенге дейін реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын оларға түсіндірме жазбаларымен және салыстырма кестелерімен (заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) бірге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларында көзделген өзге де ақпаратты жария талқылау үшін орналастырады. Жария талқылау нәтижелері бойынша есептер де ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылады [19].

Өз кезегінде «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы көпшілікке ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді. Осы Заңның 35-бабына сәйкес, қолжетімділігі шектеулі электрондық ақпараттық ресурстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар ашық деректерді жеке және заңды тұлғаларға ашық деректердің интернет-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде ұсынуға міндетті. Ашық ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталының қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тиісті оператор жүзеге асырады [20].

Дегенмен, Қазақстанда азаматтар мен ұйымдардың «Ашық НҚА» портал жөнінде ақпараттандырылуы төмен деңгейде. Олардың көпшілігі мұндай порталдың бар екендігі туралы, сол арқылы нормашығармашылық процеске әсер етуге болатындығы туралы біле бермейді. «Ашық НҚА» интернет-порталының әлеуетін дамыту қажеттігі пісіп-жетілді. Осы мәселеге Қазақстанның 2030 жылға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында да тиісті назар аударылған [21].

Аталған порталдың қызметін талдау нормативтік құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың жобаларын талқылау кезінде азаматтардың белсенділігінің төмендігін көрсетеді. Азаматтардың интернет-порталды түсінбеу себептерін ұсыныстарды есепке алудың нақты тетіктерінің болмауымен, жобаның тек жекелеген құрылымдық элементтеріне түсіндірме беру мүмкіндігімен, сайттың ыңғайсыз интерфейсімен түсіндіруге де болады. Сонымен бірге, азаматтар құжат жобаларының интернет-порталда орналастырылғаны туралы білмеуі де мүмкін, сол себептен, мүдделі тұлғаларды, оның ішінде ыңғайлы мобильді қосымшаны әзірлеу арқылы хабардар ету тетіктерін пысықтау қажет.

Дамыған демократиялық мемлекеттерде қоғамдық назарды тартатын заң жобалары бойынша қоғамдық пікірлердің саны он мың кейде жүз мыңды құрап жатады [17]. Азаматтардың берген ұсыныстарына сарапшылық бағаны «кибержюри» береді, ол аргументтерге негізделе отырып, ұсынылып отырған тузетулерді қолдайды немесе

кері қайтарады. Азаматтар аталған қызметке ерікті және ақысыз түрде қатысады, олар қоғамдық игілікті қамтамасыз ету мақсатын алдыңғы орынға қояды. Өйткені талқылау нәтижесінде олардың мүдделерін қозғайтын заң жобасы немесе нормативтік акт қабылданады.

Қоғамдық нормашығармашылық процестеріне азаматтардың көпшілік бөлігінің қамтамасыз етуде когнитивтік және мотивациялық мәселелер негізгі кедергілер болып табылады. Көп жағдайларда, саяси әрекеттердің болмысының өзгеруі азаматтардың үкіметтік ұйымдарға сенімі деңгейінің өзгеруімен және заңжобаларын әзірлеу кезінде олардың ұсыныстарын ескерудің тиімділігімен анықталады. Оның нәтижесінде азаматтардың қоғамдық нормашығармашылық процестерінде қатысуын талдауда ұжымдық әрекетсіздік саласындағы мотивациялық, интеллектуалды және эмоционалдық кедергілердің шиеленісу мәселелеріне жолығамыз.

Транзитті демократия елдерінде электрондық нормашығармашылықтың саяси технологияларын ендірудің негізгі кедергілердің бірі басқарушы элитаның шешім қабылдауға қарапайым азаматтарды ғана емес, сонымен бірге сыртқы сарапшылардың қатысуына мүмкіндік бермеуі. Оған дәлел ретінде, мемлекеттік органдар жанында қызмет ететін консультативті кеңесші органдардың қызметінің тиімділігінің төмендігі, мемлекеттік басқару органдарымен азаматтық қоғамның сарапшылық әлеуетін назарға алмауы және тағы басқалары. Ресей зерттеушісі С.В. Бондаренко пікірінше, маңызды шешімдерді дайындау процесін демократизациялау әрбір мүдделі азаматқа заңдар мен ережелерді әзірлеуге қатысуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге, қомақты материалдық және қаржылық ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді [14].

Электрондық нормашығармашылықты қалыптастыру мәселесі жалпы қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті көтеру проблемасымен ұштасады. Қоғамда азаматтардың құқықтық сана сезімінің төмен деңгейде болуы олардың саяси сана сезімінің төмен болуына, сол арқылы мемлекеттік басқаруға оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жөніндегі қызметіне төмен деңгейде немесе мүлдем әсер етпеуіне әкеп соғады.

Тәжірибеде көп жағдайларда резонанс тудыратын заң жобалары ғана азаматтардың назарына ілігіп көбінесе әлеуметтік желілерде пікір қалдырумен шектеліп жатады. Демократиялық мемлекеттерде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына әсер ететін заң жобаларына қатысты бейбіт шерулер, демонстрациялар, митингілері үйреншікті нәрсе. Бұл осы елдердегі азаматтардың құқықтық және саяси сана сезімінің жоғары деңгейде екендігін білдіреді. Қазіргі қалыптасқан жағдай, біздің ойымызша, қоғамда әлі де болса демократиялық дәстүрлердің тұтастай қалыптаспағандығын немесе азаматтардың мұндай процедуралардың өз құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде қаншалықты маңызды рөл атқаратындығын ақырына дейін түсінбейтіндігін көрсетеді. Сонымен бірге, азаматтарда қабылданып жататын мемлекеттік шешімдерге әсер етуге деген қызығушылық пен сенімнің жоқтығы мәселесі де бар.

Нормашығармашылық қызметінің маңыздылығы, оның функциясы, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі рөлі туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізілуіне байланысты. Осы орайда, мемлекеттік ақпарат құралдарында осы бағыттағы арнайы бағдарламалар енгізілуі қажет. Арнайы отандық және шетелдік мамандарды

тарта отырып, жүйелі түрде әлеуметтік желілерде оқу курстарын, сұхбаттарын және тағы басқа ұйымдастыруға бағытталған ынталандыру шаралары жүргізілуі тиіс.

Демократиялық және құқықтық мемлекет құру барысында адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нормашығармашылық процесінде қамтамасыз етілуі маңызды фактор болып табылады. Оны қамтамасыз етуде жалпы жариялылық және ақпаратқа қол жетімділіктің деңгейін арттыру арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан да, мемлекеттік органдардың қызметінің сапалылығынын басты индикаторлардың бірі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қаншалықты деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі арналған құқықтық саясатының тұжырымдамасында азаматтардың заңды әлеуметтік-белсенді мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында құқықтық насихат пен құқықтық білім беруге байланысты жоспарлы жұмысты жалғастыру қажеттігі ерекше аталып өткен [21]. Осы орайда, мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүргізілетін құқықтық саясатты құқықтық жария етумен жүйелі негізде айналысуы, сондай-ақ құқықтық насихаттың әртүрлі нысандарын: тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында тарату, құқықтық тәрбие мен құқықтық мәселелер бойынша тегін әдебиет шығару, жария іс-шаралар өткізу арқылы қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы хабардар ету қажет.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, заман талабына сай келетін нормашығармашылық қызметті, оның ішінде электрондық нормашығармашылықты қалыптастыру, оның жариялылығын қамтамасыз ету отандық ғылымда және мамандар ортасында жиі талқыланатын негізгі мәселелердің біріне айналуы қажет. Қоғам және азаматтардың тек үлкен толқу тудыратын нормативтік құқықтық актілер жобалары бойынша ғана емес, сонымен бірге, басқа да заң және заңға тәуелді актілер жобаларын талқылауға әрдайым және тұрақты қатысу ұстанымын қалыптастыру маңызды. Мұндай ұстанымды қалыптастыру олардың құқықтық санасы мен құқықтық менталитетін оң бағытта жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады. Жоғары дәрежедегі азаматтық ұстанымы және құқықтық санасы қалыптасқан тұлға өз кезегінде жылдам өзгеріп отыратын өзгерістерге тиісті түрде жауап бере алатын құқықтық реттеуді, тиімді электрондық нормашығармашылық процестің қызмет етуін жетілдіруге, оның жариялылығын барынша қамтамасыз етуге өз әсерін тигізеді. Осы орайда адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету мемлекеттің нормашығармашылық қызметті жетілдіруде басты көрсеткіштердің біріне айналуы тиіс.

Автордың қосқан үлесі

Нормашығармашылық процеске құқықтық менталитеттің әсерін анықтаудың тәжірибелік аспектілері туралы мақаланы жазу барысында әр автордың қосқан үлесі мақаланы сәтті аяқтау мен ғылыми зерттеу жүргізу кезінде өзіндік маңызы болды. **Д.А.Бакиров** пен **А.Д. Жусупов** мақаланың тұжырымдамасына және дұрыс рәсімделуіне елеулі үлес қосып, зерттеу нәтижелерін жинауға және теориялық бөлімдегі ғылыми еңбектерді талдауға және тұжырымдамалар жасауға үлес қосты. Авторлар мақаладағы нормашығармашылықтың маңызды элементтерін талдауға және оның мазмұнын сыни

тұрғыдан қайта қарауға бірге үлес қосты. Сонымен бірге олар мақаланың мәтінін жазу, оның мазмұнын талаптарға сәйкестендіру мен жариялау үшін оның соңғы нұсқасын бекіту жұмыстарына үлес келтірді. Авторлардың жұмысы мақаланы жазуға, теорияға және тәжірибеге негізделген талдау жүргізуге және зерттеу нәтижесінен белгілі бір тұжырымдар шығаруға бағытталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(өтініш берген күні:18.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(өтініш берген күні:18.09.2023)).
2. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. – Алматы, 2003. – С.С. 452-453.
3. Ибраева А.С., Сартаев С.А. Ибраев Н.С., Есетова С.К., Сейфуллина А.Б. Теория государства и права. Курс лекций. Алматы, 2017. – 211 с.
4. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 2007. – 175 б.
5. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы, 2008. – 216 б.
6. Пралиева Г.К. Правосознание казахстанского общества: проблемы и перспективы развития. Монография. – Алматы, 2010. - С. 204.
7. Абсаттаров Г.Р. Правовая культура: характеристики и специфика (на примере современного Казахстана) // Вестник РУДН. – 2014. - №2. – С.С. 181 – 189.
8. Акмамбетов Г.Г. Личность как этическая проблема. Автореферат на соискание ученой степени доктора философских наук. – Москва, 1984. – С. 361.
9. Абсаттаров Г.Р. Правовой менталитет в Казахстане: политологическое осмысление// Вестник КазНПУ, №4. – 2017. – С.9.
10. Большой энциклопедический словарь// Гл. Редактор. А.М. Прохоров. – Изд. 2-е – М: Норинт, 1998. – 717 с.
11. Алексеев С. С. Теория права // Харьков: БЕК, 1994. - С.С. 79—80.
12. Теория государства и права: в 2 ч. // под общ. ред. В. М. Корельского. Екатеринбург, 1994. – С.75.
13. Дидыч Т.О. Участие общества в современной правотворческой деятельности как средство обеспечения реальности прав человека. URL: [http:// https://elib.bsu.by/bitstream_\(дата обращения: 18.02.2023\)](http://https://elib.bsu.by/bitstream_(дата обращения: 18.02.2023)).
14. Бондаренко С.В. «Электронное нормотворчество» граждан в контексте правового регулирования// Материалы конференции «Реформы и новые технологии коммуникации власти и общества». Ростов-на-Дону, 2012.
15. Мозолина О. В. Вопросы международно-правового регулирования Интернета // Московский журнал международного права. – 2004. – № 4. – С.С. 152–164.
16. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы.– URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_\(өтініш берген күні:18.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_(өтініш берген күні:18.09.2023)).
17. Информационно-аналитический обзор Сената Парламента РК к парламентскому слушанию на тему «Дальнейшее совершенствование законотворческого процесса» URL: [http:// https://senate.parlam.kz/storage/c837f9b5132e489b9790b759a08f6f0e.pdf_\(дата обращения: 18.09.2023\)](http://https://senate.parlam.kz/storage/c837f9b5132e489b9790b759a08f6f0e.pdf_(дата обращения: 18.09.2023)).
18. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 Жарлығымен бекітілген Ақпараттық доктринасы. – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145_\(өтініш берген күні:18.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145_(өтініш берген күні:18.09.2023)).

19. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ Заңы. – [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401_\(өтініш берген күні:20.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401_(өтініш берген күні:20.09.2023)).

20. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Қазақстан Республикасы Заңы. – [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_\(өтініш берген күні:20.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418_(өтініш берген күні:20.09.2023)).

21. «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы.– [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674_\(өтініш берген күні: 21.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674_(өтініш берген күні: 21.09.2023)).

Д.А. Бакиров¹, А.Д. Жусупов²

¹*Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

²*«Esil University», Астана, Казахстан*

(e-mail: dbakirov@mail.ru, Zh60@inbox.ru)

Правовой менталитет и нормотворчество

Аннотация: Эффективное функционирование всех элементов имеет важное значение для правовой системы. Правовая система представляет собой наиболее сложную форму системы, направленную на достижение определенной цели, и представляет собой систему, способную изменять собственную структуру в процессе деятельности. Изучение особенностей правового сознания общества и личности, необходимость изучения нормотворчества способствует поднятию уровня правосознания и правовой культуры в казахстанском обществе на новый уровень. Это одно из важных направлений отечественной юридической науки. Доступ к публичной информации и участие в разработке проектов нормативных правовых актов, затрагивающих интересы граждан, является важным средством совершенствования правовой системы «информационного общества». Доступ к информации позволяет гражданам контролировать деятельность органов власти, тем самым предотвращая правовой произвол. В этом контексте важно сформировать позицию активного участия граждан в электронной нормотворческой деятельности. В статье рассматриваются вопросы участия граждан в нормотворческой деятельности и формирования правового сознания в казахстанском обществе. Результатом исследования является анализ современного состояния национальной правовой системы, развития правовой культуры, правосознания и правового мышления с сегодняшней точки зрения, разработка направлений и мероприятий по их углубленному осмыслению.

Ключевые слова: нормотворчество, электронное нормотворчество, правовой менталитет, правовое сознание, правовая культура

D. Bakirov¹, A. Zhusipov²

¹*University al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

²*Esil University, Astana, Kazakhstan*

(e-mail: dbakirov@mail.ru, Zh60@inbox.ru)

Legal mentality and rulemaking

Abstract: Effective functioning of all elements is essential for the legal system. The legal system is the most complex form of a system aimed at achieving a certain goal and is a system capable of changing

its own structure in the process of working. Studying the peculiarities of the legal mentality of society and individuals, the need to study norm-making contributes to raising the level of legal consciousness and legal culture in Kazakhstan society to a new level. This is one of the important areas of national legal science. Access to public information and participation in the development of drafts of normative legal acts affecting the interests of citizens is an important means of improving the legal system of the "information society". Access to information allows citizens to control the activities of authorities, thereby preventing legal arbitrariness. In this context, it is important to form a position of active participation of citizens in electronic norm-making activity. The article deals with the issues of participation of citizens in rule-making activities and formation of legal mentality in Kazakhstani society. The result of the study is the analysis of the current state of the national legal system, the development of legal culture, legal consciousness and legal mentality from today's point of view, the development of directions and measures for deep understanding.

Keywords: rule-making, electronic rule-making, legal mentality, legal consciousness, legal culture

References

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(otinish_bergen_kyni:18.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(otinish_bergen_kyni:18.09.2023)).
2. Bajmahanov M.T. Izbrannyye trudy po teorii gosudarstva i prava. – Almaty, 2003. – S.S. 452-453.
3. Ibraeva A.S., Sartaev S.A. Ibraev N.S., Esetova S.K., Seifullina A.B. Teoriya gosudarstva i prava. Kurs lekcij. Almaty, 2017. – 211 s.
4. Saparhaliev F.S., Ibraeva A. Memleket zhәне қықық теориясы. Almaty, 2007. – 175 b.
5. Zimanov S.Z. Қазақтың билер соты – бйрегей сот зhyjesi. – Almaty, 2008. – 216 b.
6. Pralieveva G.K. Pravosoznanie kazahstanskogo obshchestva: problemy i perspektivy razvitiya. Monografiya. – Almaty, 2010. - S. 204.
7. Absattarov G.R. Pravovaya kul'tura: harakteristiki i specifika (na primere sovremennogo Kazahstana) // Vestnik RUDN. – 2014. - №2. – S.S. 181 – 189.
8. Akmambetov G.G. Lichnost' kak eticheskaya problema. Avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofskih nauk. – Moskva, 1984. – S. 361.
9. Absattarov G.R. Pravovoj mentalitet v Kazahstane: politologicheskoe osmyslenie // Vestnik KazNPU, №4. – 2017. – S.9.
10. Bol'shoj enciklopedicheskiy slovar' // Gl. Redaktor: A.M.Prohorov. – Izd. 2-e – M: Norint, 1998. – 717 s.
11. Alekseev S.S. Teoriya prava // Har'kov: BEK, 1994. - S.S. 79—80
12. Teoriya gosudarstva i prava: v 2 ch. // pod obshch. red. V. M. Korel'skogo. Ekaterinburg, 1994. – S.75.
13. Didych T.O. // Uchastie obshchestva v sovremennoj pravotvorcheskoj deyatel'nosti kak sredstvo obespecheniya real'nosti prav cheloveka. URL: [http:// https://elib.bsu.by/bitstream_\(accessed:18.02.2023\)](http://https://elib.bsu.by/bitstream_(accessed:18.02.2023))
14. Bondarenko S.V. «Elektronnoe normotvorchestvo» grazhdan v kontekste pravovogo regulirovaniya // Materialy konferencii «Reformy i novye tekhnologii kommunikacii vlasti i obshchestva». Rostov-na-Donu, 2012.
15. Mozolina O.V. Voprosy mezhdunarodno-pravovogo regulirovaniya Interneta // Moskovskij zhurnal mezhdunarodnogo prava. – 2004. – № 4. – S.S. 152–164.
16. «Қықықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заны.– URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_\(otinish_bergen_kyni:18.09.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480_(otinish_bergen_kyni:18.09.2023)).

17. Informacionno-analiticheskij obzor Senata Parlamenta RK k parlamentskomu slushaniyam na temu «Dal'nejshee sovershenstvovanie zakonotvorcheskogo processa» URL:<http://senate.parlam.kz/storage/c837f9b5132e489b9790b759a08f6f0e.pdf>_(otinish bergen kыni: 18.09.2023).

18. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 Жарлығымен бекітілген Ақпараттық доктринасы.– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145> - (otinish bergen kыni: 18.09.2023).

19. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ Жаны.– <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>_(otinish bergen kыni: 20.09.2023).

20. «Ақпараттың туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Қазақстан Республикасы Жаны. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> - (otinish bergen kыni: 20.09.2023).

21. «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеге арналған құқықтық саясаттың жетілдірілуі» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>_(otinish bergen kыni: 21.09.2023).

Сведения об авторах:

Бакиров Д.А. – құқықтану магистрі, қаржы және экология кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 050040, Алматы, Қазақстан

Жусупов А.Д. – заң ғылымдарының докторы, «Құқық» кафедрасының профессоры, «Esil University» мекемесі, 010000, Астана, Қазақстан

Бакиров Д.А. – магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан

Жусупов А.Д. – доктор юридических наук, профессор кафедры «Право», Учреждение «Esil University», 010000, Астана, Казахстан

Bakirov D. – master of Law, Senior Lecturer, Department of Customs, Financial and Environmental Law, al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan

Zhusipov A. – Doctor of law, Professor, Department of law, Esil University, 010000, Astana, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).